

ЫНТЫМАҚТАСТЫҚ ТУРАЛЫ МЕМОРАНДУМ

Жаркент қ.

«06» 02 2024 жыл

«Жаркент көпсалалы колледжі» шаруашылық жүргізу құқығындағы мемлекеттік коммуналдық кәсіпорны (бұдан әрі - Колледж) Жарғы негізінде оның атынан әрекет етуші директор Бажиев Байузак Сагиндыкович, бір тараптан, және «Қ.И.Сәтбаев атындағы Қазақ ұлттық техникалық зерттеу университеті» Коммерциялық Емес Акционерлік Қоғамы (бұдан әрі – Университет), 22.06.2023 жылғы № 21 күші бар сенім хаттың негізінде Басқарма мүшесі-Академиялық мәселелер жөніндегі проректор Жәутіков Б.А, екінші тараптан, әрі қарай «Тараптар», осы меморандумға кол қойып, төмендегі мәселелер жөнінде келісті:

1. МЕМОРАНДУМНЫҢ МАҚСАТЫ

Осы Меморандумда көзделген Тараптар ынтымақтастығының мақсаты педагогтердің кәсіби құзыреттерін, оның ішінде бейіні бойынша жетілдіру үшін техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім беру ұйымдарының (бұдан әрі - ТжКББ) педагогтерін курстық оқыту шеңберінде тағылымдаманы, практиканы, оқытуды және басқа да іс-шараларды ұйымдастыру болып табылады.

1.1. Ынтымақтастық мақсаттарына қол жеткізу үшін Тараптар мынадай негізгі бағыттар бойынша өзара іс-қимыл жасайды:

1) Тараптардың ішкі регламенттеуші құжаттарына немесе Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес шектелген ақпаратты, жария етуді, пайдалануды не беруді қоспағанда, тараптарды қызықтыратын мәселелер бойынша ақпарат алмасу;

2) Осы Меморандум шеңберінде өзара қызығушылық тудыратын мәселелер бойынша бірлескен іс-шаралар өткізу.

1.2. Ынтымақтастықтың қаржылық-экономикалық, заңдық және техникалық шарттары, жобаларды орындау мерзімдері мен кезеңдері, Тараптардың әрқайсысының құқықтары мен міндеттерінің мазмұны мен көлемі және тараптар үшін басқа да маңызды шарттар ҚР заңнамасына сәйкес Тараптар арасында жасалатын жекелеген шарттарда қосымша айқындалатын және бекітілетін болады. Осыған қарамастан, Тараптар мұндай жекелеген шарттар жасасуға заңды міндеттемелер қабылдамайды.

1.3. Меморандум Тараптардың ешқайсысына екінші Тараптың атынан мәміле жасау немесе екінші Тараптың атынан өкілдік ету және оның атынан басқаша әрекет ету құқығын бермейді.

2. ЫНТЫМАҚТАСТЫҚ БАҒЫТТАРЫ

Өзара тиімді ынтымақтастық көздейді:

2.1. ТжКББ ұйымдарының педагогтері үшін оқыту семинарларын, біліктілікті арттыру курстарын ұйымдастыру;

2.2. 07150500 «Дәнекерлеу ісі (түрлері бойынша)», 07161300 «Автомобиль көлігіне техникалық қызмет көрсету, жөндеу және пайдалану», 07161600 «Ауыл шаруашылығын механикаландыру» бағыты бойынша оқу-әдістемелік

қалғанға дейін өзге Қатысушыны алдын ала құлақтандырып барып бұзылуы мүмкін.

4.3. Ынтымақтастықтың нақты формалары, реттері, мерзімдері мен ортақ мақсатқа жетудегі басқа да шарттары Тараптардың қосымша келісімшарттарында (келісімдерінде) анықталады.

4.4. Осы Меморандумды бұзу Тараптар арасында бұрын уағдаласқан міндеттемелер бойынша жасалған келісімшарттарды (келісімдерді) бұзуға алып келмейді.

5. ҚОРЫТЫНДЫ ЕРЕЖЕЛЕР

5.1. Тараптар осы Меморандумды бірлескен жұмыстар бойынша заңды және қаржылық міндеттемелер туындатпайтын мақсат-ниеттер туралы декларация ретінде қарастырады.

5.2. Қатысушылар сондай-ақ осы Меморандумның аясындағы ешқандай іс-қимылдардың Тараптардың бір де біреуінің қандай да бір құзыреттіліктері мен құқықтарына қысым жасамауы тиіс екендігін негізге алады.

5.3. Осы Меморандумның ережелерін түсіндіру және қолдану кезінде дау немесе түсініспеушілік туындаған жағдайда Тараптар оларды кеңестер және келіссөздер ұйымдастыру арқылы шешеді.

5.4. Осы Меморандум аясындағы операцияларды жүргізу үшін жасалған келісімшарттарды (келісімдерді) іске асыру кезінде туындаған даулар мен түсініспеушіліктерді шешу тәртібі көрсетілген келісімшарттарда (келісімдерде) белгіленеді.

5.5. Осы Меморандумға енгізілетін барлық өзгерістер, толықтырулар оның ажырамас бөлігі болып табылады және тек олар жазбаша түрде құрастырылған және екі Тарап та қол қойған кезде ғана жарамды.

5.6. Меморандум 2 (екі) данадан қазақ тілінде, әр Тарап үшін 1 (бір) данадан құрастырылған.

6. ТАРАПТАРДЫҢ ЗАҢДЫ МЕКЕН ЖАЙЛАРЫ

«Жаркент көпсалалы
колледжі» ШЖҚ МКК
041300, Жетісу облысы,
Жаркент қаласы,
Абдулина көшесі, 76
Тел: +7(72831)9-21-67
Эл.почта: pl_18@mail.ru

Қ.И.Сәтбаев атындағы ҚазҰТЗУ
КЕАҚ
050013, Алматы қ,
Сәтбаев көшесі, 22
БИН 150140008602
р/с KZ 628560000006968618
БИК КСҰВКЗКХ
КБЕ 16, АГФ АО «Банк Центр
Кредит» Алматы қ.
Телефон: +7(727) 292-60-25

Колледж директоры



Б.Бажиев

Басқарма мүшесі – Академиялық
мәселелер жөніндегі Проректор



Б.А.Жәутіков